М А З М Ұ Н Ы
С О Д Е Р Ж А Н И Е
C O N T E N T

Байдильдинова Д.К. Мәтінмен жұмыс арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.....3

Муратбекова Н.Т., Хадесова Ж.Е., Жомартова А.К., Амирова Диана С., Сулейменкулов Ж.Д. Развитие навыков безопасного поведения учащихся через моделирование ситуативных заданий.....5

Алмабекова Г.А. Химия пәнінде жобаға негізделген оқытуды жүзеге асыру.....10

Мукашова Ж.К. Зерттеп оқу әдісі арқылы оқушылардың мәтін тілін талдау дағдысын дамыту.....12

Иманбекова Н.Н., Иманбекова А.Н. Әдеби үстел ойындары арқылы оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту.....15

Байжуманова А.Ж., Искакова Р.А. Саралаудың күрделендіру және креативтілік принциптері арқылы оқушылардың жазба жұмысын қалай жақсартуға болады?.....18

Искакова Р.А. «STEAM» сабақ арқылы оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту.....20

Таубалдиева А.Т. Қазақ тілі сабақтарында PBL әдісін қолдану арқылы 8Т2 сынып оқушыларының талдау дағдысын жетілдіру.....23

Райымбекова И.Қ. Өндірістік экология пәнін оқытуда CASE-STUDY тәсілін қолданудың студенттердің зерттеу құзіреттілігін қалыптастыруға әсері.....26

Мұратқалиұлы А. «Мектеп оқушыларының белтемірге (турникке) тартылуын дамыту».....29



Сурет – 2.

Әдебиеттер тізімі

1. https://kitap.kz/book/zhuz-zhyldyq-zhara
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – А., 2010.
3. Ысмайылов Е. Әдебиет теориясының мәселелері. –А.,2011.
4. https://on.kz/proza/serxan-murtaza-zuz-zyldyq-zara-94629/

Байжуманова А.Ж.
Искакова Р.А.
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері
Алматы қаласы химия-биология бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі
e-mail: b.a.zh-70@mail.ru
iroza_71@mail.ru

САРАЛАУДЫҢ КҮРДЕЛЕНДІРУ ЖӘНЕ КРЕАТИВТІЛІК ПРИНЦИПТЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАЗБА ЖҰМЫСЫН ҚАЛАЙ ЖАҚСАРТУҒА БОЛАДЫ?

Мәселенің сипаттамасы. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқитын 9-сынып оқушыларының жазылым дағдысын дамытуда саралау қағидаттарын қолдану қалай әсер етеді?»

Шешімін ұсыну. Зерттеу барысында оқушылардан сауалнама алынды. Сол арқылы Оқушылардың қажеттіліктері анықталды. Оқушылардың басым бөлігі жазылым тапсырмаларынан қиналатындықтарын көрсеткендіктен, олардың БЖБ,ТЖБ жұмыстарын жинақтап, сараптама жасалынды.

Жинақталған мәліметтерге жүгінсек, оқушылардың шын мәнінде жазылым тапсырмаларын орындау барысында көп қателер жіберетінін, ойды көркем тілмен жеткізу, ойды жинақтактау, дәлелдеу үшін мақал-мәтелдерді орынды қолдану, тіпті грамматикалық

қателердің көп кездесуін анықтадық. Оқыту қазақ тілінде жүретін география, Қазақстан тарихы пәндері мұғалімдерімен байланысқа шықтық. Ол пәндерде де оқушылардың қиналатындығы анықталды. Екі топқа сабақ беретіндіктен ақылдаса келе, оқушылардың жазылым дағдысын дамытуға септігін тигізетін әдіс-тәсілдерді саралап, бірнешеуін тәжірибеде үздіксіз қолдану керек деп ұйғардық.

Зерттеу әдістері. Сауалнама, сұхбат, студенттің өзін-өзі бағалау парағы, студент портфолиосын және диагностикалық картасын зерттеу, жауап парақтары, бақылау парақтары.

Нәтижелер және рефлексия. «Қорытындылай келгенде, осы атқарылған жұмыстар **оқушыға не берді?»** деген сұраққа жауапты оқушылардың тыңдалым, оқылым, жазылым тапсырмаларын орындауындағы қалыптастырушы бағалау нәтижелерімен қатар, оқу жылының соңғы екі тоқснының көрсеткіштері мен бағаларына талдау жасап көргенімізде екі тоқсанда жазылым дағдысы бойынша келесідей жетістікке қол жетізгенімізді аңғардық.

Оқушы дағдылары тоқсандық жиынтық бағалауда 10 балдық көрсеткішпен бағаланады. Жоғарыда көрсетілген диаграммада жазылым дағдысының қорытындысы бойынша III тоқсан нәтижесін IV тоқсанмен салыстырғанда «6» деген балдың төмендегенін, сәйкесінше «7» балының артқанын аңғарамыз. Ал енді «8» балының кеміп, «9» бен «10» балының арта түскенін байқадық. Демек жүргізілген саралау тапсырмаларының меңгерілетін дағдыларда жүйелі түрленіп берілуі өз нәтижесін беріп жатыр десек болады.



Сурет – 1.

Зерттеу барысында сындарлы кері байланыс арқылы оқушы өзінің тіл меңгеруде қай деңгейде тұрғанын, әлі де нені білу керектігін, нені білетінін түсінді. Мұғалім үшін зерттеуді ары қарай жалғастыру керектігі,10-сыныпта емтиханнан жоғары көрсеткішке жету үшін жаңа әдіс-тәсілдерді іздестіру қажеттігі анықталды. Жоғарыда қолданылған әдістер де өте тиімді болды, оларды да ара-тұра мүмкіндігіне қарай қолдануды жалғастыра береміз. Сыртқы жиынтық бағалауда жазылым бойынша берілетін тапсырмада оқушы өзінің сөздік қорын барынша қолдана алуы тиіс. Сол себепті де олар сөздерді тек жаттап қана қоймай, оны қолдана да алуы тиіс.

Зерттеу перспективасы бойынша ұсыныстар.

Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда түрлі кедергілер кездеседі (тілдік кедергілер, қызығушылығының төмендеуі, тілдік ортаның болмауы, оқушының психологиялық жай-күйі, кейде денсаулығы мен әлеуметтік жағдайы да әсер етуі де мүмкін).

Осы кедергілерден шығу үшін оқушы мен мұғалім арасында жақсы қарым-қатынас орната отырып, белесенді әдіс-тәсілдерді ұтымды қолдана алса, дұрыс нәтижеге жетуге болады.

Саралау тапсырмалары мен түрлі танымдық платформаларды да қолданып, оқушы қызығушылығын оята білу де маңызды. Себебі кейбір зерттеулер барысында оқушылардан алынған сауалнамаға жүгінер болсақ, сабақтың бір сарынды өтуі де олардың ынтасын жоғалтады. Сондықтан оқушының қазақ тілінде ойын еркін жеткізіп, коммуникативтік

қарым-қатынас орната алуына, пікірін жазбаша да, ауызша да жеткізе білуіне барынша жағдай жасалуы керек.

Оқушыларға дайын клишелер мен кестелер беру арқылы да жазылым дағдыларын дамыту ұсынылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Оразбаева Ф.О. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі // Алматы. – 2000. – Б. 32-33.
2. http://www.myshared.ru/slide/1452079/ Презентация на тему: «Саралап оқытуды ұйымдастыру».
3. 3.М.Т.Отыншиева, Л.С.Сырымбетова, Н.Станчулардың «Дифференциалды оқыту – үлгермеушілікті жою мақсатында жүргізілетін оқытудың өзіндік түрі» https://rep.ksu.kz/bitstream/handle/data/7604/Otynshieva_Differencialdi_71-78.pdf?sequence=1&isAllowed=y – мақала

Искакова Роза Абилайхановна
Алматы қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің модератор мұғалімі
e-mail: iroza-71@mail.ru

«STEAM» САБАҚ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

Мәселенің сипаттамасы. «7Т1 сынып оқушыларының жазылым дағдыларын графикалық органайзерлер арқылы қалай жетілдіруге болады?»

Шешімін ұсыну. Оқу барысында пән мұғалімдерімен зерттеу сабағы негізінде қазақ әдебиеті (Искакова Р.А.), география (Сулейменқұлов Ж.Д., Жұмабаева Н.А.), биология (Торгаева Э.А.) және өнер пәні (Джумагалиев А.А.) мұғалімдері арасында топ құрылып, 7«А», «В» сыныптарының оқушылары туралы әңгіме жүргізілді. Осы бас қосуда тақырып таңдалды, пән бойынша қарастырылатын мақсат, әдіс-тәсіл, мақсатқа сай жұмыс түрі, саралау тапсырмалары т.с.с. талқыланды. Тақырып – М.Әуезовтың «Көксерек» әңгімесі. Тапсырма легі үш кезеңнен тұратыны нақтыланды. Біріншіден, биология пәні Құрмаш пен Көксеректің өсу динамсикасын анықтап, график жасап, оның негізінде сипаттау мәтінін, география пәні бойынша қасқырдың мекендейтін жерлерін зерттеп, Көксеректің жүру жолының картасын жасап, ауыл тұрғындарына үлгі негізінде жаднама, ал өнер пәні бойынша Құрмаш пен Көксеректің бойындағы қасиеттері арқылы пазл құрастырып, екі кейіпкердің бейнесін шығару және Құрмашқа хат жазу жоспарланды. Сабақтың қорытынды бөлімінде оқушыларға қасқырдың тісі, қасқыр тісінің элементтері бар әшекей бұйым – алқа, қасқыр ішіктің суреті берілді де, оның мәнін анықтау ұсынылды. Оқушылар қасқырға қатысты мәліметтермен танысып, өз ойларын анықтаған соң, әңгіме негізінде қасқыр жыртқыш аң, қатыгез, ешкімді аямайды, адамдардың бойында үрей туғызады, онда неге қасқырдың кейбір қасиеттерін дәріптейміз деген сұрақ арқылы «Қасқырдың қазаққа жақындығы қандай?» деген проблемалық сұрақ туып, «STEAM» сабақ «Қасқырдың қазаққа жақындығы» деген ғылыми жобаға ұласты.

Зерттеу әдістері. Оқушының ақпараттарды іріктеуі, көркем әдебиет пен ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді іріктеп, қолдануы, салстыстыру арқылы дәлелді тұжырым жасауы, өзін-өзі, топаралық бағалау парағы, пазл, карта, график, диаграмма жасау арқылы зерттеу, жауап және бақылау парақтары.

Нәтижелер және рефлексия. Зерттеу біз ұсынған гипотезаны растауға және келесі қорытындыларды жасауға мүмкіндік берді: